

Үй тапсырмасы

Қанатты сөздерден етістіктерді тауып оларды салыстыру.

Мағыналарында қандай өзгешелік бар екенін түсіндіру.

Қанатты сөздері:

1. Адам баласының ең жаманы – талапсыздық.
2. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.
3. Сөзіне қарай кісі ал,
Кісіге қарап сөз алма.
4. Атаңның баласы болма,
Адамның баласы бол.
5. Отан үшін отқа түс – күймейсің.
6. Намысты нанға сатпа.
7. Ата-ана қадірін білмеген, ел қадірін біле алмас.
8. Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.
9. Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.
10. Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң, жауды күйрете алмайсың.

Өткен сабақты қайталау

Етістіктің болымсыз түрі

1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
2. Етістік дегеніміз не?
3. Етістіктің сұрақтары қандай?
4. Болымды етістік дегеніміз не?
5. Болымсыз етістіктің жұрнақтарын ата.

Менің күн тәртібім

Жіктік жалғау

ЖАҢА СӨЗДЕР

күн тәртібі – расписание дня

күн тәртібінен тыс – вне расписание дня

күнделікті жұмыс уақыты – ежедневное рабочее время

таңғы ас – завтрак

түскі ас – обед

кешкі ас – ужин

ұйқыдан тұру – вставать из сна

жұмысқа бару – идти на работу

жұмыс кестесі – график работы



Күн тәртібі


- 7:00-де ұйқыдан тұрамын.
- 7:30-да таңғы ас ішемін.
- 8:00-де мектепке барамын.
- 12:00-де түскі ас ішемін.
- 14:00-де кітапханаға барамын.
- 15:00-де шахмат ойнаймын.
- 16:00-де үйге барамын.
- 17:00-де сабақ оқимын.
- 19:00-де кешкі ас ішемін.
- 20:00-де анама көмектесемін.
- 21:00-де теледидар көремін.
- 22:00-де ұйықтаймын.



Дұрыс айт!
күн тәртібі
сабақ оқимын
[сабағ оқыймын]
таңғы ас [таңғас],
түскі [түскас],
кешкі ас [кешкас]



Бейнематериал(12)


1. Сіздің күн тәртібіңіз Ақжібектің күн тәртібіне ұқсай ма?
 2. Ажібектің күн тәртібі дұрыс па?
 3. Күн тәртібін құрастыра алмай жүрсіз бе?
 4. Күн тәртібінде не нәрселерді маңызды қатарға жатқызар едіңіз?
 5. Сізге күн тәртібін құруда көмек керек пе?
- 

Жаңа сабақ

Жіктік жалғау - баяндауышқа ғана тән жалғау. Жіктік жалғау тек қана синтаксистік қызмет атқарады.

Жіктеу категориясы - қазіргі қазақ тілінде тек етістікке ғана тән қасиет емес, баяндауыш болып қызмет атқара алатын өзге де сөз таптарына, соның ішінде есімдерге де тән қасиет.

Менің күн тәртібім
Сенің күн тәртібің
Сіздің күн тәртібіңіз
Оның күн тәртібі



ОҚЫ. СӨЗДЕРДЕН СӨЙЛЕМ ҚҰРАП ЖАЗ.

Үлгі: кешкі + ас ішемін.

Таңертең, түсте, кешке, таңғы, түскі,
кешкі, ішемін, ойнаймын, сағат, жат-
тығу, демаламын, сабаққа барамын, ас,
жасаймын.



а) Жіктендер.

Мен фотосуретші...

Біз

Сен _____

Сендер

Сіз _____

Сіздер

Ол _____

Олар

ә) Сөздерді тәуелдендер.

Менің

фотосурет...

әуес іс...

Сенің

Сіздің

Оның

Біздің

Оқы. Сенің күн тәртібің осыған ұқсай ма?

Мынау — менің күн тәртібім.

Мен 7-де тұрамын. Жуынамын, жаттығу жасаймын. Жеті жарымда таңғы ас ішемін.

8-де мектепке барамын. Бірде түскі ас ішемін. 2-де кітапханаға барамын. Үштен кейін шахматқа барамын. 7-де кешкі ас ішемін. Кешке сабақ оқимын.

Сөздер мен сөз
тіркестерін аударындар

«Қыс» тақырыбына 10 сөз жазып, олармен
сөйлем құрастырындар

Жіктік жалғауы бар
сөздердің жағын
анықтандар

Ткань, кошма,

Шерсть, кожа,
Прилежный,
Великий, шуба,
С детства, мороз
Густой, лыжи,
Метет метель

| — |

— *Үлгі:* баламын –
жіктік жалғауы, I жақ,
жекеше түрі.
Ойнайсындар, оқушысын,
ойындарымыз, баламын,
тұрамын, келемін,
калыптасуым,
жалғаулардың, кешігемін.

Мәтінді оқып шығып, жіктік жалғауын табыңыздар. Қай жақта тұрғанын анықтаңыздар

Бауыржан: Мен соғыс кезінде «Красная звезда» газетіне былай жазғанмын: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз, оңбаған адам» дегенмін. Сол сөзімді әлі де қайталаймын. Өйткені, Энгельс айтқандай, өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Өйткені халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына сүйіспеншілігі арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын. Мен нацизмның туын көтерген фашизмге қарсы жан аямай күрескен кісімін. (Ә.Нұршайықовтан).

ӨЗ КҮН ТӘРТІБІҢДІ

ЖАЗ.

7:00-де ұйқыдан тұрамын.

7:30-да таңғы ас ішемін.

8:00-де мектепке барамын.

12:00-де түскі ас ішемін.

14:00-де кітапханаға барамын.

15:00-де шахмат ойнаймын.

16:00-де үйге барамын.

17:00-де сабақ оқимын.

19:00-де кешкі ас ішемін.

20:00-де анама көмектесемін.

21:00-де теледидар көремін.

22:00-де ұйықтаймын.

Сабақты бекіту

1. Тәуелдік жалғау дегеніміз не?
2. Жіктік жалғау дегеніміз не?
3. Күн тәрбін құру қиын ба?
4. Тәуелдік жалғаудың маңызы?

Үйге тапсырма

Берілген сөздерге тәуелдік жалғауын
жалғап, сөйлем құраңыз.

Сарбаз, жауынгер, зеңбірек, мылтық.
15 сөйлем құрап, тәуелдік жалғауларын
көрсетіңіз.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!